

**М. Б. Тілеуқұлов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2 бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: М. Е. Қамалбеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының әкімшілік құқық жән әкімшілік қызметі кафедрасының оқытушысы**

## **ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ІІО ҚЫЗМЕТІ.**

Қазақстан Республикасының Конституциясының 38 бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқышты қарауға міндетті» деп аталып кеткен сол себепті Ішкі істер органы қоршаған ортаны қорғауға қатысуы — ең алдымен табиғатты қорғау және басқа да қоршаған ортаны қорғау бойынша қызмет атқаратын органдарға жәрдемдесу әрекетінен көрініс табады. Мұндай әрекеттердің басты үш бағытқа бөліп көрсетуге болады. Біріншіден — бақылау қадағалау функциясы. Екіншіден — құқық бұзушылықтың алдын алу. Үшіншіден — табиғатты қорғау заңнамаларын бұзған үшін белгілі бір заңмен белгіленген мәжбүрлеу шараларын қолдану.

Табиғатты қорғау саласында ІІО бірінші бақылау – қадағалау функцияларын жүзеге асырады. Олардың бұл бағыттағы басты қызметі қоршаған ортаны сақтау тәртібін қорғау, тергеу, қылмыскерлерді іздестіру т. б. Олар келесі маңызды тәртіптермен ерекшеленеді:

- қоршаған ортаны қорғау бойынша қоғамның арасында профилактикалық жұмыстар жүргізу;

- қоршаған ортаны қорғау саласында болған бұзушылықтарды болдыртпау, алдын алу, тергеу;

- қоршаған ортаны қорғау саласында құқық бұзушылықтардың мақсатын, себебін анықтау, оларды туындатқан негізін жою бойынша басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынас, және мәжбүрлеу шараларын қолдану;

- келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша шараларын жүзеге асыру.

ІІО табиғатты пайдалану құқығын қорғау саласында мазмұн бұл — табиғатты пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету; құқықтарына бөгет болатын мәселелерді жою; азаматтар мен лауазымды адамдардың өз бетімен заңсыз әрекеттерге баруына жол бермеу.

Қоршаған ортаны мен жануарлар дүниесін қорғау мәселесін арттыру үшін келесі бағытта жұмысты жүзеге асыру қажет:

1. Әкімшілік – делктікалық құқықтық реттеу саласы, менің ойымша әкімшілік жауаптылық шараларының барлығының әмбебап қолдану арқылы шешіледі оған құқық бұзушылық заты болған қаруды тәркілеу, аң және балық аулау құқығынан айыру. Сонымен қатар қоғамның осындай құқық бұзушылық жасаған адамдарға жұмыс орны, тұрғылықты жері бойынша ықпал ету шараларын қарастыру қажет. Мыс: ӘқбтҚРк 298 бап. Заңсыз аң аулау, жануарлар дүниесін пайдалану, 298-1 Балық аулау және балық қорларын қорғау ережелерін бұзған адамның жұмыс орнында жиналыс өткізу т. б.

2. Құқықтық тәртіп азаматтар мен кәмілеттік жасқа толмағандар қазіргі заманның құқықтық тәртіп талаптарына жауап бермейді. Ол мәселенің жағдайы көп жағдайда осы саладағы насихат бұқара ақпарат құралдарына, және ІІО профилактикасына байланысты.

3. Ұйымдастыру-құқықтық саласында барлық құқық қорғау органдарының қоршаған орта мен жануарлар дүниесін қорғаудағы қарым-қатынасын одан әрі тиімді және үнемді болуын жетілдіру жолдарын іздестіру.

Мен қоршаған орта мен жануарлар дүниесін қорғау мәселесінде кейбір өзекті мәселелерге тоқталып кеттім және олардың шешу жолдарын қарастыру бойынша көңіл аудару қажеттігіне тоқталдым.